Әділет

# Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының 1997 жылғы 30 шілдедегі N 113 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

## *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясының 1998 жылғы 5 маусым N 6 Қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1998 жылғы 26 маусымда тіркелді. Тіркеу N 86. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 392 қаулысымен.

*--------------Қаулыдан үзінді-------------*

*Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес келтіру мақсатында, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:*

*1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын.*

*2. Осы қаулы қабылданған күнінен бастап қолданысқа енеді.*

*Төраға*

*Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 392 қаулысына Қосымша*

*Күші жойылды деп танылатын нормативтік құқықтық актілердің тізбесі*

*7. Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының "Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының 1997 жылғы 30 шілдедегі N 113 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" 1998 жылғы 5 маусымдағы N 6 қаулысы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 86 тіркелген, Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы жөніндегі нормативтік актілер жинағында жарияланған, 1998 жыл, 2-том)...*

*-----------------------------------*

Зейнетақы реформасын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы (бұдан әрі "

Ұлттық комиссия" деп аталатын) Қаулы етеді:

1. Ұлттық комиссияның 1997 жылғы 30 шілдедегі "Бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушыларына қойылатын талаптар туралы" (Ұлттық комиссияның 1997 жылғы 11 қарашадағы N 191 қаулысымен енгізілген өзгерістерді ескере отырып) N 113 V970361_ қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

3 тармақ "1998 жылғы 1 мамырға дейін" сөздерден кейін "Ұлттық комиссияның Директораты рұқсат еткен жағдайларды қоспағанда" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген сәттен бастап күшіне енеді.

3. Осы Қаулының орындалысына бақылау жасау Ұлттық комиссия орталық аппаратының Лицензиялау және қадағалау басқармасына жүктелсін.

Ұлттық комиссияның Төрағасы

Ұлттық комиссияның мүшелері

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК